

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2345 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 1262 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2345 қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің бюджеттік бағдарламалары» деген 6-бөлімде:

«Инфрақұрылымдық экономика салаларының тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету жөніндегі табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу саласындағы қызметтер» деген бюджеттік бағдарламада:

«Орталық органның аппараты» деген кіші бөлімде:

«Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар» деген жолдың «2010» деген бағанындағы «370 653» деген сандар «374 653» деген сандармен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің бюджеттік шығыстарының жиынтығында:

«2010» деген бағанда:

«1. Қолданыстығы бағдарламалар, оның ішінде:» деген жолдағы «908 306» деген сандар «912 306» деген сандармен ауыстырылсын;

«001 «Инфрақұрылымдық экономика салаларының тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету жөніндегі табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу саласындағы қызметтер» деген жолдағы «908 306» деген сандар «912 306» деген сандармен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің стратегиялық бағыттарына, мақсаттарына, міндеттеріне және бюджеттік бағдарламаларына шығыстардың бөлінуінде:

«Табиғи монополия субъектілерінің тиімді жұмыс істеу және даму жағдайларын қамтамасыз ету» деген жолдың «2010» деген бағанындағы «908 306» деген сандар «912 306» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК